

Қарқаралы ауданының әкімдігі
ҚАУЛЫ

Аң ақпан 2025ж № 54

Қарқаралы ауданының
сауда-саттыққа (аукциондарға)
шығарылатын жер учаскелердің
тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексінің 48 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 15 қазандағы №297 «Жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда саттықты (аукциондарды) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында электрондық түрде ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, Қарқаралы ауданының әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес, Қарқаралы ауданында сауда – саттыққа шығарылатын жер учаскелердің тізбесі бекітілсін.
2. Сауда-саттықты өткізу нысанын анықтау-аукцион.
3. Сауда-саттықты өткізу әдісін анықтау-ағылшын.
4. Осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес, сауда-саттыққа шығарылатын сауда объектілерінің бастапқы және ең төменгі бағасын, кепілдік жарнасының мөлшерін бекіту.
5. Осы қаулының орындалуын бақылау жасау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Қарқаралы ауданы әкімінің м.а.



Б. Токмурзин

Аукционға қойылатын жер учаскелерінің Тізбесі

№	Нысаналы мақсаты	Жер учаскелерінің мекен жайы	Жер көлемі, (га)	Жалға беру мерзімі
1	Көп қабатты тұрғын үй құрылысы	Қарқаралы қаласы В. Рей көшесі жер телімі 50 Б	1,67	5 жыл
2	Көп қабатты тұрғын үй құрылысы	Қарқаралы қаласы Т. Әубәкіров көшесі жер телімі 135Л	0,2	5 жыл
3	Көп қабатты тұрғын үй құрылысы	Қарқаралы қаласы Т. Әубәкіров көшесі жер телімі 140	0,3825	5 жыл

Қарқаралы ауданы әкімдігінің
2025 жылғы _____
№ _____ қаулысына 2 қосымшасы

№1 лот бойынша Т. Әубәкіров көшесі жер телімі 135Л мекенжайындағы сауда-саттық объектісінің бастапқы және ең төменгі бағасы 385 000 теңге мөлшерінде бекітілсін.

Әрбір лот бойынша 57 750 теңге мөлшерінде кепілдік жарна бекітілсін.

№2 лот бойынша Т. Әубәкіров көшесі жер телімі 140 мекенжайындағы сауда-саттық объектісінің бастапқы және ең төменгі бағасы 736 312,5 теңге мөлшерінде бекітілсін.

Әрбір лот бойынша 110 446,875 теңге мөлшерінде кепілдік жарна бекітілсін.

№3 лот бойынша Рей көшесі жер телімі 50Б мекенжайындағы сауда-саттық объектісінің бастапқы және ең төменгі бағасы 1 837 000 теңге мөлшерінде бекітілсін.

Әрбір лот бойынша 275 550 теңге мөлшерінде кепілдік жарна бекітілсін.